

**Ақтөбе облыстық мәслихатының
Ш Е Ш І М І**

Ақтөбе қаласы

№111

2022 жылғы 18 наурыз

**Облыстық мәслихаттың кезекті
жетінші сессиясы жалпы
отырысының күн тәртібі туралы**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы №148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6-бабына сәйкес, Ақтөбе облыстық мәслихаты **ШЕШТІ:**

Облыстық мәслихаттың кезекті жетінші сессиясы жалпы отырысының күн тәртібіне мынадай мәселелер енгізілсін:

1. 2021 жылы атқарылған жұмыстар туралы Ақтөбе облыстық мәслихаты хатшысының есебі туралы.

Баяндамашы: А.Ш.Нугманов – облыстық мәслихат хатшысы

2. Облыстық мәслихаттың 2021 жылғы 9 желтоқсандағы №80 «2022-2024 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.

Хабарламашы: Г.Р.Сүйінтаева - экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының басшысы

3. Ақтөбе облысының Қоғамдық кеңесінің құрамын бекіту туралы.

4. Әкімдердің халықпен кездесулерінің икемді жылдық күнтізбесін келісудің кейбір мәселелері туралы.

Хабарламашы: А.Ш.Нугманов – облыстық мәслихат хатшысы

5. Облыстық мәслихаттың 2021 жылғы 9 желтоқсандағы №100 «Облыстық мәслихаттың бюджет, өңірлік және салалық даму жөніндегі тұрақты комиссиясының құрамы туралы» шешіміне өзгеріс енгізу туралы.

Хабарламашы: С.П.Шынтасова – облыстық мәслихаттың бюджет, өңірлік және салалық даму жөніндегі тұрақты комиссиясының төрайымы

6. Облыстық мәслихаттың 2020 жылғы 11 желтоқсандағы №577 ««Шаруашылық жүргізу құқығындағы «Ақтөбе медициналық орталығы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының балалар стационарының негізгі ғимаратына қосымша корпус салу және пайдалану» мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелер қабылдау туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

Хабарламашы: Р.Қ.Исаев – денсаулық сақтау басқармасының басшысы

7. Ақтөбе облысын басқару схемасын бекіту туралы.

8. Облыстық мәслихаттың 2012 жылғы 27 шілдедегі №48 «Кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі облыстық комиссияның дербес құрамы туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

*Хабарламашы: Қ.М.Райымқұлов – облыс әкімі
аппаратының басшысы*

9. Облыстық мәслихаттың келесі кезекті сессиясының күн тәртібі туралы.

**Облыстық
мәслихаттың хатшысы**

А. НУГМАНОВ